

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 3 маусым N 3009. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.04.22. N 3470 жарлығымен. ~U973470

Қаулы етемін:

1. Мыналар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы

жөніндегі комиссия туралы ереже (қоса беріліп отыр);

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссияның құрамы (қоса беріліп отыр).

2. "Адам құқығы жөніндегі республикалық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 ақпандағы N 1567 Жарлығының күші жойылған деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 9, 89-құжат).

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 3 маусымдағы
N 3009 Жарлығымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам
құқығы жөніндегі комиссия туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия (бұдан былай - Комиссия) Мемлекет басшысының жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне адамның және азаматтың құқығы мен бостандықтарының сақталуының кепілі ретіндегі өзінің конституциялық мәртебесін қамтамасыз етуіне жәрдемдесу;

2) адамның және азаматтың құқығы мен бостандығының қамтамасыз етілуі және сақталуы саласында заңдар мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасының аумағынан сырт жерлерде жүрген өзінің азаматтарына қатысты қамқоршылығын, олардың құқығы мен бостандығының қорғалуын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) Қазақстан Республикасының мүдделерін қозғайтын адам құқығы саласындағы халықаралық-құқықтық актілер жөнінде талдау және сараптау-ұсыныстық қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының өкімдерін, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені және осы Ережені басшылыққа алады.

II. Комиссияның құзыреті

4. Комиссия:

1) адам құқығы мен бостандығының бұзылғаны туралы Қазақстан Республикасының Президентіне немесе тікелей Комиссияға азаматтар мен ұйымдар жолдаған өтініштерді қарайды;

2) жергілікті өкілді және атқарушы органдар адам құқығы мен бостандығының сақталуы мәселелері жөніндегі азаматтар мен ұйымдардың өтініштері туралы өз атына жолдаған материалдарды, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы тиісті жарияланымдарды зерделейді;

3) адам құқығының сақталуы туралы арнаулы әрі жыл сайынғы баяндамалар әзірлеп, оларды Қазақстан Республикасының Президентіне тапсырады;

4) ағымдағы заңдарды саралап отырады, оны Қазақстан Республикасы

таныған адам құқығы мен бостандығы туралы халықаралық-құқықтық актілерге сәйкес келтіру жөнінде ұсыныстар енгізеді, адам құқығы мен бостандығы мәселелерін қозғайтын заң актілерін әзірлеуге қатысады;

5) адам құқығы жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады;

6) облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдері аппараттарының адам құқығы мәселелерін қарайтын лауазымды адамдарына ұйымдық-әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсетеді.

5. Осы Ережемен белгіленген құзыретін жүзеге асыру мақсатында Комиссия органдар мен лауазымды адамдардан Комиссияға жүктелген міндеттерді орындауға қажет мәліметтер, құжаттар мен материалдар сұратып алдыруға хақылы.

6. Комиссияның отырыстарында қабылданып, Қазақстан Республикасы Президентінің назарына жеткізілетін ұсыныстар мен қорытындылар Комиссияның шешімдері болып табылады.

Ұсыныстар мен қорытындылар отырысқа қатысқан Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

III. Комиссияның құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру

7. Комиссия Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін төрағадан, төрағаның орынбасарларынан, хатшыдан және Комиссия мүшелерінен тұрады.

8. Төраға Комиссияға және оның Хатшылығына жалпы басшылықты жүзеге асырады, Комиссия мүшелеріне тапсырмалар береді Комиссияның шешімдері мен құжаттарына қол қояды, оның атына ресми мәлімдемелер жасайды, адам құқығы мен бостандығына қатысты кеңестерге қатысады, Комиссияның құрамы мен оның жұмысын ұйымдастыру жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті ұсыныстар енгізеді.

9. Комиссияның отырыстарын оның төрағасы тоқсан сайын кемінде бір рет шақырады. Комиссияның отырыстары оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысынан астамы қатысқанда құқықты болады.

10. Комиссияның жанынан қоғамдық негізде ғылыми мекемелер мен құқық қорғау ұйымдары өкілдерінен Сараптау кеңесі құрылады. Кеңестің құрамы Комиссияның отырысында бекітіледі. Кеңестің қызметіне басшылықта Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі жүзеге асырады.

11. Төрағаның бірінші орынбасары - Комиссия Хатшылығының меңгерушісі: азаматтардың өтініштерімен жұмысты; елдегі адам құқығы саласындағы істердің жай-күйі туралы Қазақстан Республикасының Президентіне баяндамалар мен жыл сайынғы есептерді әзірледі; Комиссияның қызметін ұйымдастыратын жоспарлар, бағдарламалар мен басқа да құжаттар дайындауды; мүдделі

мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Оның міндетіне сонымен бірге:

Комиссияның төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін атқару; Сараптау кеңесі мен облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдері аппараттарының адам құқығы мәселелерін қарайтын лауазымды адамдарының қызметіне жетекшілік ету; Комиссияның Хатшылығына жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауапкершілік; Комиссия Хатшылығының қызметкерлері арасында міндеттер бөлу, тиісті атқару және еңбек тәртібін қамтамасыз ету; Комиссия Хатшылығы қызметкерлерін қызметке тағайындау мен қызметінен босату туралы ұсыныстар енгізу кіреді.

12. Комиссия төрағасының орынбасары: адам құқығы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға ықпал ететін тұжырымдамалар, әдістемелер әзірлеуді; адам құқығы саласындағы заң жобаларына және халықаралық құқықтық актілерге сараптау-талдау жұмысын; қоғамдық құқығы қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимылды; халықаралық құқық қорғау институттарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастықты; адам құқығы саласындағы семинарлар, кеңестер, конференциялар мен ағарту қызметі жұмысын ұйымдастыруды жүзеге асырады.

13. Комиссия хатшысы - Комиссия Хатшылығы меңгерушісінің орынбасары консультанттармен және сарапшылармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережемен және осы Ережемен белгіленген өзінің функциялық міндеттеріне сәйкес Комиссия қызметінің бағыттарын іске асырады; Комиссия мен Сараптау кеңесінің отырыстарын ұйымдастырады, Комиссия мен Кеңес мүшелерін қажетті материалдармен қамтамасыз етеді, Комиссия отырыстарының хаттамалары мен басқа да құжаттамаларын жүргізеді; Комиссия және Кеңес мүшелерімен байланыс орнатады, оларды белгіленген шаралар мен

Комиссия төрағасының тапсырмалары туралы хабардар етеді; мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар мен лауазымды адамдардың атына жолданған Комиссия ұсыныстары мен сұрау салуларының қаралуына бақылауды жүзеге асырады.

14. Комиссия мүшелеріне белгіленген үлгідегі қызмет куәліктері беріледі.

15. Комиссия сараптау-талдау зерттеулерін жүргізу үшін шарттық негізде мамандар тартуға хақылы.

Президентінің
1996 жылғы 3 маусымдағы
N 3009 Жарлығымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқығы
жөніндегі комиссияның
ҚҰРАМЫ

Есімов Ахметжан Смағұлұлы - Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы, Комиссия
төрағасы

Бұсырманов Жұмабек - Комиссия Хатшылығының меңгерушісі,
Дүйсешұлы Комиссия төрағасының бірінші
орынбасары

Рогов Игорь Иванович - Қазақстан Республикасы Президентінің
көмекшісі, Комиссия төрағасының
орынбасары

Байқадамов Болат - Комиссия Хатшылығы меңгерушісінің
Кенжекешұлы орынбасары, Комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Гаркавец Александр - Украин ұлттық-мәдени орталығының
Николаевич жетекшісі

Головков Михаил - Парламент Мәжілісінің депутаты
Николаевич (келісім бойынша)

Дедерер Александр - Қазақстан немістері Кеңесінің
Федорович төрағасы

Жұмабаев Ермек - Парламент Сенатының депутаты
Жиеншеұлы (келісім бойынша)

Кенжетаева Роза - Қазақстан Республикасының Президенті

Ахметбекқызы жанындағы Отбасы, әйелдер
проблемалары және демографиялық
саясат жөніндегі кеңестің хатшысы

Козлов Александр - "Қазақстанская правда" газеті бас
Федорович редакторының орынбасары

Қозыбаев Манаш - Қазақстан Республикасы Ғылым
академиясының академигі

Нұрпейісов Еркеш - Қазақстан Республикасы Әділет
Қалиұлы министрлігі Қазақ мемлекеттік заң
институтының ректоры

Рамазанов Аманбек - Парламент Мәжілісінің депутаты
Мырзахметұлы (келісім бойынша)

Сағдиев Махтай Разаманұлы - Қазақстан Республикасы Ардагерлер
ұйымы орталық кеңесінің төрағасы

Силкина Татьяна Егоровна - Парламент Мәжілісінің депутаты
(келісім бойынша)

Тәтімов Мақаш Байғалиұлы - Қазақстанның "Азат" азаматтық
қозғалысының төрағасы

Уманов Григорий Абрамович - Абай атындағы Алматы мемлекеттік
университеті педагогика кафедрасының
меңгерушісі

Хасанов Бақытжан Хасанұлы - Қазақстан Республикасы Ғылым
министрлігі - Ғылым академиясы
жанындағы Тіл дамуы стратегиясы
орталығының директоры

Цой Геральд Владимирович - Қазақ аймақтық "Тесен"
әлеуметтік-құқықтық қорғау
комитетінің төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК